

Әлихан Бөкейханов және қазақ зиялылары

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

1905-1907 жылдар Қазақстанның саяси өмірі мен ұлттық интеллигенцияның тарихында I және II мемлекеттік Думаға (бүкілроссиялық парламент) сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты оқиғалармен ерекшеленді. I мемлекеттік Думаға (1906 жылғы 8 шілдеде таратылды) Қазақстаннан 9 депутат, оның ішінде 4 миллиондық қазақ халқынан 4 депутат: Ә.Бөкейханов (Омск облысынан), А.Бірімжанов (Торғай облысынан), А.Қалменов (Ішкі Ордадан), Б.Құлманов сайланды. I Думаның көптеген депутаттарының патша үкіметінің саясатына қарсы шығуына байланысты, ол 1906 жылы 8 шілдеде қуып таратылды. Сол жылы тамыз айында II мемлекеттік Дума шақырылды. Оған Қазақстаннан 14 депутат сайланды, соның 6-ы қазақ халқының өкілдері болды. Олар: Ш.Қосшығұлов – Ақмола облысынан, Х.Нүрекенов – Семей облысынан, адвокат Б.Қаратаев – Орал облысынан, сот тергеушісі А.Бірімжанов – Торғай облысынан, Т.Алдабергенов – Жетісу облысынан.

Қазақ халқынан сайланған II мемлекеттік Дума депутаттары кадеттерге қосылды және мұсылман фракциясына кірді. Екінші мемлекеттік Думаның аз-ақ уақыт (1904 жылғы ақпанның 20 сынан 2 маусымға дейін) жұмыс істегеніне қарамастан, оның қазақ депутаттары Россия парламентіне өлкедегі жағдайдың шындығын жеткізуде мүмкін болғанның бәрін істеді. Осыған орай Б.Қаратаевтың Думаның 1907 жылғы мамырдың 16-да өткен мәжілісінде сөйлеген сөзін ерекше атау керек. Б.Қаратаев өзіне берілген уақыт ішінде Столыпиндік аграрлық реформаны, оның негізгі бағыттарының бірі – орталық Россиядан Қазақстанның далалық облыстарына орыс шаруаларын жаппай көшіру ісін әшкерелеп, мұны Қазақстан мен Орта Азияны отарлаудың күшейтетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады (К.Нүрпейісов. «Ғасыр басындағы...»)

Б.Қаратаев орыс шаруаларын Қазақстанға «қоныстандыруға қоса қырғыз- қайсақ халқын көшіріп жіберу жүріп жатыр», «қырғыздар жерінен емес, тұрғын үйлерінен көшірілуде», – деп мәлімдеп, патша үкіметінің осы саясатының нәтижесінде қазақтар өз ата қонысынан жаппай айрылып, өз жерінде босқындарға айналуға екенін ашына айтты. Сондықтан да, – деді ол, – Думадағы қазақ өкілдері «... барлық оппозицияшыл фракцияларға әрқашанда тілектес». II мемлекеттік Думаны патша 1907 жылғы 3 маусымда қуып таратты, социал-демократиялық фракция қамауға алынып, Сібірге айдалды. Империяның орталығында да, оның шет аймақтарында да, соның ішінде Қазақстанда да реакцияның жүгенсіздігі басталды.

Әлихан Бөкейханов: «...Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек...», – деген тұжырымы арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді. Қазақтың ұлттық баспасөзінің толыққанды алғашқы басылымы 1911 жылы дүниеге келді. Прогрессияшыл-демократияшыл зиялылардың сан жылдар бойы ойлаған арманы орындалды: 1911 жылғы 10 қаңтарда Тройцкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші номері шықты.

Ұйымдастырушы және баспагер, идеялық басшысы және редакторы М.Сералин (1872-1929) бұрын педагогтік және журналистік қызметімен айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетші, қоғам қайраткері болған. М.Сералиннің сіңірген еңбегін атай өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды», – деп атап көрсетті (С.Зиманов, К.Идрисов. «Общественно-политический взгляд М.Сералина». Алматы. 1989. 48-49-бет). М.Сералиннің демократияшыл зиялыларды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпы ұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгендігін айту керек. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты. «Айқап» нөмірден-нөмірге жер мәселесіне зор көңіл бөліп

отырды. Ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы да болды. М.Сералин «біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады. Ол Ы.Алтынсариннің ізбасары болды. «Айқап» журналының қазақ фольклорын зерттеудегі, абайтануды қалыптастырудағы, орыс және дүниежүзі классикалық әдебиетінің рухани мұрасын насихаттаудағы рөлі де айтарлықтай.«Айқап» 1915 жылдың тамызына дейін шығып тұрды. Оның 83 саны жарық көрді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы жағдайында едәуір шиеленіскен зор қаржы қиындықтары, ең бастысы – толғағы жеткен жалпыұлттық проблемаларды қоюмен әйгілі болған «Қазақ» газеті жағына шығуы 1915 жылдың тамызында журналдың шығуының тоқтауына себеп болды.«Қазақ» – 1913 жылдан 1918 жылдар аралығында шығып тұрған Қазақстанның қоғамдық- саяси газеті. Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік – А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов қалың қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың Ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының бүкіл бетке ұстарларын, соның ішінде, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов, С.Дөнентаев, М.Шоқай, М.Тынышбаев және де көптеген көрнекті қайраткерлерді топтастыра білді. Дегенмен де, негізгі идеялық-теориялық салмақты А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов көтерді. Тек, Ә.Бөкейхановтың өзі «Қазақ» үшін 200-дей мақала жазыпты. Газет либерал-демократиялық бағыттағы қазақ интеллигенциясының көзқарастарын білдірді. 1917 жылдан былай ол «Алаш» партиясының орталық баспасөз органы болды.Алғашқы кезде аграрлық мәселеде газет жерге мемлекеттік меншікті жою және оны қазақтардың меншігіне беру, жерді сатуға тыйым салу талаптарын қойды. Өлкенің қоғамдық-саяси даму саласында қоғамның эволюциялық дамуын қолдады.Газет қазақтың саяси өмірі жөнінен маңызды мақалалар беріп тұрды, көптеген көкейкесті мәселелер, пікірталастар ұйымдастырды және сол кездегі қоғамдық- саяси ойды бір арнаға бағыттаушы болды (К.Нүрпейісов. «Ғасыр басындағы...»).Егер, Бөкейханов басқарған қазақ зиялылары 1905 жылы кадеттер үлгісіндегі қазақтың ұлттық-либералдық саяси партиясын құруға әрекет жасаса, олардың 1905-1917 жылдардағы көзқарас эволюциясы 1917 жылғы Ақпан революциялық жеңісінен кейін ұлттық-демократиялық мүдделерді көздейтін «Алаш» саяси ұйымын (партиясын) құруға алып келді.1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда І Жалпықазақ съезі болып өтті. Ол «Алаш» саяси партиясының құрылуының бастамасы болды. Оның жұмысына 6 облыстың – Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғананың өкілдері, сондай-ақ, Бөкей ордасының делегаттары қатысты. Съезде әрбір облыстан Россияның құрылтайшылар жиналысына депутаттыққа 78 кандидат ұсынылып, тізім бекітілді. Съезде 14 сұрақ талқыланды: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облысының автономиясы; жер мәселесі; халық милициясын ұйымдастыру; земство; халыққа білім беру; сот; рухани-діни мәселе; әйелдер мәселесі; Құрылтай жиналысын шақыру және оны қазақ облыстарында сайлауға дайындау; Бүкілроссиялық федеративті советке және Петроградтағы халыққа білім беру жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу туралы. Мазмұны және мәні бойынша төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөлінді: ұлттық автономия, жер мәселесін шешу, құрылтай жиналысына дайындалу және қазақ саяси партиясын құру.

Ұлттық автономия туралы мәселе бойынша А.Байтұрсынов және М.Дулатов тәуелсіз автономиялы Қазақ мемлекетін құруды жақтады. Бөкейханов демократиялық, федеративті, парламенттік республика ретіндегі Россия құрамындағы қазақ ұлттық- территориялық автономиясын қолдады. Осы пікірді көпшілік те қолдады. «Қазақ облыстары,- деп көрсетілді съезд резолюциясында,- ұлттық- территориялық автономия алуы керек».Съезде талқыланған негізгі сұрақ жер мәселесі болды. Жер мәселесі бойынша қаулы қазақтар өздері қоныстанып болғанша, басқа жерден қоныстанушыларды тоқтата тұру; жергілікті халыққа бұрын тартып алынған дәстүрлі жер учаскелерін қайтарып беру; мемлекет меншігіндегі ормандарды земствоның басқаруына беру; жер нормаларын анықтау құқын жергілікті жерге орналастыру мекемелеріне беру және т.б. пункттерден тұрды («Қазақтар...» 2003. 96-бет).Бірінші Жалпықазақтық съезд өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысында іс жүзінде осы партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай жиналысына айналды.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ж. Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, т.б. кірді.

Олардың басым көпшілігі 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда социалистік идеологияны, таптық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылдаған жоқ, өйткені Алаш партиясы

қайраткерлерінің пікірінше сол кездегі қазақ қоғамы тұтас алғанда оған дайын емес еді. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінің беттерінде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы басылып шықты. Ол «Алаш» партиясының программасының жобасы» деп аталды. Жобаны құрастырушылар партияның көрнекті қайраткерлері Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, тағы басқалар болды.

Жарияланған бағдарлама жобасында 10 тарау: «Мемлекеттік құрылыс», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқ», «Дін», «Билік және сот», «Халықты қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым және ағартушылықтың дамуы», «Жер мәселесі» болды. Басқару нысаны туралы тарауда: «Россия демократиялық Федеративтік республика... Федеративтік Республикаға кіретін әрбір мемлекет, Федерация мүшелері басқа мемлекеттермен бірлесе отырып әрекет етеді», - делінген. Мемлекет басшысы өкілетті және заң шығарушы орган белгілі бір мерзімге сайланған Президент болып табылады.

Бағдарлама жобасының екінші тарауында: «Қазақтар автономиясы өздері мекендейтін облыстардан құралады және Россия Федерациясының бір бөлігін құрайды», - деп көрсетілді. Сайлау туралы мәселе: «Депутаттар жалпыға бірдей тең, тікелей және жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Діни сенімі, жынысы, әлеуметтік жағдайындағы өзгешеліктердің және мәні жоқ», - дейді. Мемлекеттік бюджетке қатысты мәселелер заң шығару мекемелерінің өкілеттігіне берілді, ал жекелей салық салу үдемелі сипатта болды. Жоба қазақ автономиясының өзін-өзі анықтауының альтернативті жолын ескеді: «Мүмкіндігінше, басқа халықтармен тығыз қарым-қатынасты сақтап қалған жөн, мүмкіндік болмаған жағдайда - жедел түрде бөлініп шығу және егеменді мемлекет құру керек», - деді. Партия бағдарламасының жобасына I Жалпықазақ съезінің дін туралы және азаматтардың негізгі құқықтары туралы қаулылары мен тұжырымдары өзгеріссіз енгізілді.

Сот құрылысына қатысты тарау ант беруші (присяжный) соттар институтын енгізді. Оның өкілеттігіне ауыр қылмыстар бойынша шешім қабылдау кірді. Жергілікті халық көп орналасқан адамдарда сот өндірісін қазақ тілінде жүргізу ұсынылды. Қазақтардың ант беруші сотқа мүшелігі міндетті, ал «даладағы» сот халық дәстүрі және тәртібі бойынша іске асырылуы керек болды. Бағдарлама жобасының соңғы пункті жер мәселесін қозғады. Жер және оның қойнауы мемлекет меншігі деп жарияланды, жерге орналастыру барысында жергілікті халыққа басымдылық (приоритет) берілді. Бағдарлама «Алаш» партиясының құрылтай жиналысына сайлауда сәттілік қамтамасыз етті және II Жалпықазақ съезінде қазақ халқының әртүрлі ортасының өкілдерін біріктірді. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда II Жалпықазақ съезі болып өтті. Съезде Б. Құлманов және оның орынбасарлары Ә. Бөкейханов, А. Кенесарин, Х. Досмұхамедов, О. Қарашев төрағалық етті. Онда тез өзгеріп отырған саяси жағдайындағы партия тактикасының әртүрлі аспектілері, сондай-ақ, қазақ автономиясын және оның үкіметін құру туралы мәселелер талқыланды. Съезд қазақ автономиясының құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары, Каспий облысы және Алтай губерниясының қазақтар мекендейтін аудандары кіруі керек деп қаулы етті. Съезд делегаттары уақытша үкіметті құлатқаннан кейін күн сайын қалалар мен селоларда, қазақтардың тіршілік етуіне қауіп тудыра отырып, анархияның өсуі күшейе түскенін атап көрсетті. Сондықтан да, «аман қалу мақсатында, «Уақытша халық кеңесі» деген атаумен мықты үкімет құруды қаулы етті, оны «Алашорда» деп атады және қазақ жеріндегі бүкіл атқару билігін өз қолына тез алуды тапсырды. «Алашорда» автономиясының орталығы болып Семей қаласы жарияланды. «Алашорданың» халық кеңесін (үкіметін) Бөкейханов басқарды. Съезд аймақтық уездік комитеттер мен кеңестер ұйымдастыруға қаулы етті. Кешікпей съезден кейін, «Алашорда» автономиясының Батыс бөлімі және ағайынды Досмұхамед өвтер басқарған «Ойыл уәлайаты» құрылды. Ол Орал, Лебәжі, Гурьев болыстығының және Маңғыстау уезінің қазақтарына билік жүргізді. Съезде қазақ милициясын құру жоспары жасалды. Оны әр облысқа тепе-тең түрде бөлу, оқыту және уездер бойынша материалдық қамтамасыз ету болжанды. Милицияны қарумен қамтамасыз етуді салық салу есебінен түскен қаражатқа орталық әкімшілік іске асыратын болды. Офицерлер дайындауда Орынбор қазақтарының тәжірибесі мен көмегін пайдалану шешілді. Ал бұл атаман Дутов басшылық еткен Орынбор ақ гвардияшыларымен одақты бекітетінді. Осы одақ қағаз жүзінде және тиімділігі аз болғанмен, болашақта Алашорданың жағдайын қиындата түсті («Қазақтар...» 99-бет).

Ә. Бөкейханов және сол кезеңде қазақтың зиялы қауымының басқа да өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда Қазақстандағы қоғамдық- саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда Ұлттық тұтастық және халықтық бірлік принциптеріне сүйенеді. Мұндай бағыт әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат

диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да, Алаш көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы 1917 жылғы Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес үкіметінің идеялары мен нақты іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 ж.) Алашорда Кеңес өкіметіне жау күштермен одақтас болды. Нәтижесінде, азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы тарих сахнасынан кетірді. Кеңес өкіметі Алаш пен Алаш орданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауды алдау мен арбау әдістерін де, қару жұмсап күштеу жолдарын да қолданды.